

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Бекітемін



~~Басқарма төрағасы~~ – ректор

Е. Әмірбекұлы

24.04 2026 ж.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ОҚУШЫЛАР ДЕРЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ**

Қаралды және бекітілді

Ғылыми кеңес отырысында

23.04 2026 ж. № 8 хаттама

Павлодар, 2026 ж.

«Интеллектуалды оқыту жүйесінде жасанды интеллект пен оқушылар деректерін пайдаланудың этикалық кодексі» ИРН BR28712263 «Қазақстанның дарынды балаларын дамытуға арналған педагог кадрларды даярлаудың кешенді ғылыми-инновациялық жүйесін құру» бағдарламасы аясында әзірленді.

ЖҰМЫС ТОБЫ:

Жұмыс тобының жетекшісі – п.ғ.к., профессор А.Ж. Асаинова

Жұмыс тобының мүшелері:

PhD, профессор Д.Б. Абыкенова

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.М. Абильдинова

информатика магистрі Р.А. Ельтинова

М.М. Рахимбаев

Ж.Т. Аубакирова

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	4
2 Кодекстің мақсаты	4
3 Кодексті қолдану саласы	5
4 Негізгі этикалық қағидаттар	5
5 Оқушының құқықтары	7
6 Ата-ананың немесе заңды өкілдің құқықтары	8
7 Жобаға қатысушылардың міндеттері	8
8 Этикалық тыйымдар	10
9 Генеративті жасанды интеллектті пайдалану	11
10 Кемсітушілік пен стигматизацияға жол бермеу	12
11 Адам тарапынан бақылау	12
12 Құпиялылық және деректерді қорғау	13
13 Академиялық және зерттеу адалдығы	13
14 Этикалық сараптама	14
15 Өтініштер мен шағымдармен жұмыс	14
16 Кодексті бұзғаны үшін жауапкершілік	15
17 Қорытынды ережелер	15

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Этикалық кодекс интеллектуалды оқыту жүйелерінде (бұдан әрі – ИОЖ) жасанды интеллектті (бұдан әрі – ЖИ) және оқушылардың деректерін пайдалану кезіндегі негізгі құндылықтарды, қағидаттарды, мінез-құлық қағидалары мен шектеулерді айқындайды.

1.2. Кодекс генеративті ЖИ негізіндегі жүйелерді қоса алғанда, ИОЖ-ні қауіпсіз, әділ, ашық, тексерілетін және жауапты түрде қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған.

1.3. Кодекс ИОЖ-ға қатысатын барлық тараптарға қолданылады: зерттеушілерге, педагогтерге, психологтерге, әзірлеушілерге, әкімшілерге, сарапшыларға, серіктес білім беру ұйымдарына және оқушылардың деректерін жинауға, өңдеуге, талдауға, сақтауға және пайдалануға қатысатын өзге де тұлғаларға.

1.4. Осы Кодекс ИОЖ-да оқушылардың деректерін жинауды, өңдеуді және пайдалануды этикалық әрі құқықтық реттеу туралы ережені толықтырады және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын алмастырмайды.

1.5. ЖИ мен оқушылардың деректерін пайдалану кезінде баланың құқықтары, қадір-қасиеті, қауіпсіздігі, психологиялық әл-ауқаты және білім беру мүдделері басымдық болып табылады.

2. Кодекстің мақсаты

2.1. Осы Кодекстің мақсаты – интеллектуалды оқыту жүйелерінде ЖИ мен оқушылардың деректерін пайдаланудың бірыңғай этикалық қағидаларын белгілеу.

2.2. Кодекс мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1. оқушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
2. деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
3. балаға қатысты кемсітушіліктің, стигматизацияның және зиян келтірудің алдын алу;
4. ЖИ ұсынымдарының ашықтығы мен тексерілу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
5. маңызды шешімдер қабылдау кезінде адам тарапынан бақылауды бекіту;
6. ата-аналардың, оқушылардың, педагогтердің және зерттеушілердің интеллектуалды оқыту жүйелеріне деген сенімін қалыптастыру;
7. ғылыми және зерттеу адалдығын қамтамасыз ету;
8. ИОЖ бойынша жергілікті нормативтік актілер мен әдістемелік құжаттарды әзірлеуге арналған этикалық негіз қалыптастыру.

3. Кодексті қолдану саласы

3.1. Осы Кодекс келесі жағдайларда қолданылады:

1. оқушылардың деректерін жинау және өңдеу кезінде;
2. білім, білік және дағдыларды, когнитивтік және білім беру қабілеттерін диагностикалау кезінде;
3. интеллектуалды оқыту жүйелерін әзірлеу және апробациялау кезінде;
4. генеративті жасанды интеллектті пайдалану кезінде;
5. жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру кезінде;
6. ЖИ ұсынымдарын дайындау кезінде;
7. білім беру нәтижелерін талдау кезінде;
8. ғылыми есептерді, жарияланымдарды және аналитикалық материалдарды дайындау кезінде;
9. ата-аналармен, оқушылармен, педагогтермен және білім беру ұйымдарымен өзара әрекеттесу кезінде;
10. мониторинг және этикалық сараптама жүргізу кезінде.

3.2. Кодекс оқушылардың дербес деректерімен жұмыс істеуге, сондай-ақ иесіздендірілген, псевдонимделген, агрегатталған және генерацияланған деректерді пайдалануға қолданылады.

4. Негізгі этикалық қағидаттар

4.1. Баланың мүдделерінің басымдығы

Оқушының деректері мен жасанды интеллектті пайдалануға байланысты барлық шешімдер баланың ең үздік мүдделерін ескере отырып қабылдануы тиіс. Технология оқушының қауіпсіздігінен, қадір-қасиетінен, психологиялық әл-ауқатынан және білім беру тұрғысынан дамуына қарағанда жоғары қойылмауы тиіс.

4.2. Заңдылық

Оқушылардың деректерін жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану тек заңды негіздерде, ата-ананың немесе заңды өкілдің ақпараттандырылған келісімі болған жағдайда және жоба бойынша бекітілген құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Қатысудың еріктілігі

Оқушының жобаға, диагностикаға, интеллектуалды жүйені апробациялауға және зерттеу рәсімдеріне қатысуы ерікті болуы тиіс. Қатысудан бас тарту немесе берілген келісімді кері қайтарып алу оқушыға

деген көзқарастың нашарлауына, бағасының төмендеуіне немесе міндетті білім алуға қолжетімділіктің шектелуіне әкелмеуі тиіс.

4.4. Ақпараттандырылу

Ата-аналар, заңды өкілдер және оқушылар жоба мақсаттары, жиналатын деректердің құрамы, оларды пайдалану тәсілдері, жасанды интеллектті қолдану, ықтимал тәуекелдер және өз құқықтары туралы түсінікті ақпарат алуы тиіс.

4.5. Деректерді барынша аз жинау

Жоба аясында нақты ғылыми, білім беру немесе диагностикалық мақсатқа жету үшін қажетті деректер ғана жиналуы тиіс. Артық деректерді жинауға жол берілмейді.

4.6. Құпиялылық

Оқушылардың деректері бөгде тұлғаларға жария етілмеуі тиіс. Деректерге қолжетімділік тек жобаға уәкілетті қатысушыларға және олардың функционалдық міндеттері шеңберінде ғана беріледі.

4.7. Қауіпсіздік

Оқушылардың деректері ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық қорғау шараларын қолдану арқылы сақталуы және өңделуі тиіс. Деректерді қорғалмаған файлдарда, ашық бұлттық бумаларда, жария репозиторийлерде және рұқсат етілмеген цифрлық орталарда сақтауға жол берілмейді.

4.8. Ашықтық

Жобаға қатысушылар жасанды интеллекттің қандай мақсатта қолданылатынын, қандай деректерді өңдейтінін және ЖИ ұсынымдарының педагогикалық, зерттеу немесе ұйымдастырушылық шешімдер қабылдаудағы рөлін түсінуі тиіс.

4.9. Тексерілу мүмкіндігі

Деректермен жасалатын маңызды әрекеттер мен ЖИ-дің маңызды ұсынымдары құжатталуы және уәкілетті тұлғалар, жұмыс тобы немесе этикалық комиссия тарапынан тексеруге қолжетімді болуы тиіс.

4.10. Түсіндірілетіндік

Ата-ана, заңды өкіл және оқушы оқушының оқуына, диагностикасына, дамуына немесе сүйемелденуіне әсер ететін ЖИ-дің маңызды ұсынымы бойынша түсінікті түсіндірме алуға құқылы.

4.11. Адам тарапынан бақылау

ЖИ оқушының білім беру траекториясына, білім, білік және дағдыларын диагностикалауға, бағдарламаларға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысуына немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуіне әсер ететін түпкілікті шешімдерді өз бетінше қабылдай алмайды.

4.12. Әділдік және кемсітпеу

ЖИ жүйесі оқушылар арасында тілдік, әлеуметтік, аумақтық, гендерлік, мәдени, физикалық, психологиялық немесе өзге де белгілер бойынша теңсіздік туғызбауы, күшейтпеуі немесе қайта өндірмеуі тиіс.

4.13. Стигматизацияға жол бермеу

Оқушының қадір-қасиетін төмендететін немесе оның білім алу мүмкіндіктерін шектейтін таңбалау үшін деректер мен ЖИ ұсынымдарын пайдалануға тыйым салынады.

4.14. Ғылыми адалдық

Барлық зерттеулер, есептер және жарияланымдар сенімді деректерге, нәтижелерді дұрыс түсіндіруге және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға негізделуі тиіс.

4.15. Адамның жауапкершілігі

Оқушылардың деректерін және жасанды интеллект жұмысының нәтижелерін пайдалану үшін жауапкершілікті алгоритмдер немесе бағдарламалық жүйелер емес, жобаға қатысушылар, ұйымдар және лауазымды тұлғалар көтереді.

5. Оқушының құқықтары

5.1. Оқушының келесі құқықтары бар:

1. өзінің деректері не үшін жиналатынын білуге;
2. жоба туралы қарапайым және түсінікті тілде ақпарат алуға;

3. жобаға қатысу туралы сұрақтар қоюға;
4. егер қатысу қолайсыздық, алаңдаушылық немесе түсінбеушілік тудырса, бұл туралы ересектерге хабарлауға;
5. ЖИ ұсынымдары бойынша қолжетімді нысанда түсіндірме алуға;
6. әділетсіз, қорлайтын немесе стигматизациялайтын қорытындылардан қорғалуға;
7. адам қатысуынсыз маңызды шешімдердің автоматтандырылған түрде қабылдануына ұшырамауға;
8. өз деректерінің құпиялылығының сақталуына сенім артуға;
9. жобаға ерікті түрде қатысуға;
10. ата-анасы немесе заңды өкілі арқылы ешқандай теріс салдарсыз қатысудан бас тартуға.

5.2. Оқушыға диагностика нәтижелері немесе ЖИ ұсынымдары психологиялық зиян келтіруі, өзін-өзі бағалауын төмендетуі немесе «сәтсіз», «дарынсыз» не «болашағы жоқ» деген сезім қалыптастыруы мүмкін түрде хабарланбауы тиіс.

6. Ата-ананың немесе заңды өкілдің құқықтары

6.1. Ата-ана немесе заңды өкіл келесі құқықтарға ие:

1. жоба туралы толық ақпарат алуға;
2. баланың қандай деректері жиналатынын және қандай мақсатта пайдаланылатынын білуге;
3. баланың қатысуына келісім беруге немесе бермеуге;
4. келісімді толық немесе ішінара кері қайтарып алуға;
5. өз баласының деректері туралы ақпарат сұратуға;
6. ЖИ-дің маңызды ұсынымы бойынша түсіндірме алуға;
7. дәл емес деректерді түзетуді талап етуге;
8. белгіленген жағдайларда деректерді жоюды талап етуге;
9. жобаға жауапты тұлғаларға шағым немесе өтініш жолдауға;
10. егер маңызды оқиға баланың құқықтарына, қауіпсіздігіне немесе мүдделеріне әсер етуі мүмкін болса, бұл туралы хабардар болуға.

7. Жобаға қатысушылардың міндеттері

7.1. Жобаның барлық қатысушылары міндетті:

1. осы Кодексті сақтауға;
2. оқушылардың деректерін тек бекітілген мақсаттар шеңберінде пайдалануға;
3. оқушылардың деректерін жария етпеуге;
4. қолжетімділік матрицасын сақтауға;
5. рұқсатсыз деректерді жеке құрылғыларға көшірмеуге;
6. құқықтық негізсіз деректерді үшінші тұлғаларға бермеуге;

7. бұзушылықтар, кателер, инциденттер және тәуекелдер туралы хабарлауға;
8. оқушыларға және олардың отбасыларына құрметпен қарауға;
9. ЖИ ұсынымдарын түпкілікті шешім ретінде қолданбауға;
10. қажет болған жағдайда этика және деректерді қорғау бойынша нұсқамадан өтуге.

7.2. Зерттеушілер міндетті:

1. негізінен иесіздендірілген немесе псевдонимделген деректермен жұмыс істеуге;
2. оқушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректерді жарияламауға;
3. диагностика және талдау нәтижелерін дұрыс түсіндіруге;
4. деректерді бұрмаламауға және қолдан жасамауға;
5. ғылыми адалдық қағидаттарын сақтауға;
6. ЖИ жүйелерінің шектеулерін ескеруге;
7. оқушының қабілеттері туралы негізсіз қорытындылардан аулақ болуға;
8. даулы жағдайларды сараптамалық талқылауға ұсынуға.

7.3. Педагогтер міндетті:

1. ЖИ-ді көмекші құрал ретінде пайдалануға;
2. жүйе ұсынымдарын кәсіби тәжірибесін ескере отырып тексеруге;
3. педагогикалық пайымды автоматтандырылған қорытындымен алмастырмауға;
4. оқушыға ЖИ ұсынымдарын қорлайтын немесе стигматизациялайтын түрде хабарламауға;
5. баланың жеке контекстін ескеруге;
6. дұрыс емес немесе зиянды ұсынымдар туралы жауапты тұлғаларға хабарлауға.

7.4. Психологтер міндетті:

1. психологиялық-педагогикалық деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
2. нәтижелерді оқушының жасын, контекстін және жеке ерекшеліктерін ескере отырып түсіндіруге;
3. кәсіби талдаусыз автоматты психологиялық қорытынды жасауға жол бермеуге;
4. стигматизация қаупінің алдын алуға;
5. мотивацияға, күйзеліске, эмоционалдық жағдайға және білім беру әл-ауқатына қатысты ұсынымдарды бағалауға қатысуға.

7.5. Әзірлеушілер мен техникалық мамандар міндетті:

1. жүйені әдепкі бойынша деректерді қорғау қағидатын ескере отырып жобалауға;
2. әзірлеу және жөндеу үшін тестілік, синтетикалық немесе иесіздендірілген деректерді пайдалануға;
3. нақты оқушылардың деректерін бөлек құқықтық негізсіз сыртқы ЖИ модельдері үшін пайдаланбауға;
4. әрекеттерді журналдауды қамтамасыз етуге;
5. қолжетімділікті шектеу тетіктерін енгізуге;
6. техникалық осалдықтарды жоюға;
7. ақаулар, деректердің таралуы және қауіпсіздік тәуекелдері туралы хабарлауға.

7.6. Жүйе әкімшілері міндетті:

1. қолжетімділікті тек уәкілетті тұлғаларға беруге;
2. өзектілігін жоғалтқан есептік жазбаларды уақытылы бұғаттауға;
3. техникалық қауіпсіздікті бақылауға;
4. қолжетімділік журналдарын жүргізуге;
5. инциденттер туралы ақпаратты тіркеп, тиісті тұлғаларға жеткізуге.

8. Этикалық тыйымдар

Интеллектуалды оқыту жүйесінде келесі әрекеттерге тыйым салынады:

1. заңды негізсіз және ақпараттандырылған келісімсіз оқушылардың деректерін жинауға;
2. деректерді мәлімделген мақсаттан тыс пайдалануға;
3. құқықтық негізсіз оқушылардың деректерін үшінші тұлғаларға беруге;
4. бөлек келісімсіз оқушының Т.А.Ә.-ін, фотосуретін, диагностика нәтижелерін немесе оны тануға мүмкіндік беретін өзге мәліметтерді жариялауға;
5. оқушылардың дербес деректерін ашық ЖИ сервистеріне жүктеуге;
6. ЖИ ұсынымдарын маңызды шешім қабылдаудың жалғыз негізі ретінде пайдалануға;
7. оқушыға «дарынсыз», «әлсіз», «болашағы жоқ» деген таңба тағуға;
8. автоматтандырылған қорытынды негізінде оқушының білім алу мүмкіндіктерін шектеуге;
9. сезімтал деректер негізінде оқушылардың жария рейтингтерін қалыптастыруға;
10. оқушылардың деректерін коммерциялық профильдеу мақсатында пайдалануға;

11. маңызды ұсынымдар қалыптастыру кезінде ЖИ қолданылғанын жасыруға;
12. ата-аналардың, оқушылардың немесе педагогтердің шағымдарын елемеуге;
13. зерттеу нәтижелерін бұрмалауға;
14. ЖИ-ді оқушылар туралы кемсітушілік, қорлайтын немесе психологиялық зиян келтіретін сипаттамалар жасау үшін пайдалануға;
15. сәйкестендіру кілттерін зерттеу деректер массивтерімен бірге сақтауға.

9. Генеративті ЖИ пайдалану

9.1. Генеративті ЖИ ИОЖ-да келесі мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін:

1. оқу тапсырмаларын құру;
2. түсіндірмелер дайындау;
3. жаттығу материалдарын генерациялау;
4. кері байланыстың нұсқаларын әзірлеу;
5. педагогикалық жобалауды қолдау;
6. иесіздендірілген деректерді талдау;
7. әдістемелік материалдардың бастапқы нұсқаларын дайындау.

9.2. Генеративті ЖИ қолдану кезінде ашық немесе сыртқы ЖИ сервистеріне келесі мәліметтерді енгізуге тыйым салынады:

1. оқушының Т.А.Ә.;
2. байланыс деректері;
3. жеке диагностика нәтижелері;
4. психологиялық мәліметтер;
5. денсаулық жағдайы туралы деректер;
6. жеке ЖИ ұсынымдары;
7. оқушылардың фотосуреттері, аудио және бейнематериалдары;
8. баланы сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер.

9.3. Генеративті ЖИ көмегімен жасалған немесе елеулі түрде өзгертілген контент оқу процесінде, есептерде, жарияланымдарда немесе ұсынымдарда пайдаланылмас бұрын адам тарапынан тексерілуі тиіс.

9.4. Егер генеративті ЖИ жоба бойынша ресми материалдарды әзірлеу үшін қолданылса, бұл факт белгіленген тәртіппен ашық көрсетілуі тиіс.

9.5. Егер бұл академиялық адалдық талаптарын немесе жобаның ішкі ережелерін бұзатын болса, ЖИ арқылы жасалған контентті толықтай адамның авторлық нәтижесі ретінде көрсетуге тыйым салынады.

10. Кемсітушілік пен стигматизацияға жол бермеу

10.1. ЖИ жүйелерін пайдалану кезінде алгоритмдердің бастапқы деректердегі қателерді, біржақтылықты және теңсіздікті қайталауы мүмкін екені ескерілуі тиіс.

10.2. Жобаға қатысушылар ЖИ жүйесінің оқушыларға қатысты ұсынымдарда келесі факторларға байланысты негізсіз айырмашылықтарға әкелмейтінін тексеруге міндетті:

1. оқу тілі;
2. тұрғылықты жері;
3. отбасының әлеуметтік жағдайы;
4. мектеп түрі;
5. жынысы;
6. ұлты;
7. денсаулық жағдайы;
8. ерекше білім беру қажеттіліктері;
9. цифрлық қолжетімділік деңгейі;
10. өзге де жағдайлар.

10.3. Дарындылық диагностикасының нәтижелері тек бір тестке, бір көрсеткішке немесе бір ЖИ ұсынымына ғана негізделмеуі тиіс.

10.4. Оқушының қабілеттерінің дамуы туралы кез келген қорытынды алдын ала сипатта қарастырылып, педагогикалық, психологиялық немесе сараптамалық түсіндіруді талап етуі тиіс.

10.5. Кемсітушілік сипаттағы нәтиже анықталған жағдайда, тиісті ЖИ модулін пайдалану тексеру жүргізіліп, тәуекел жойылғанға дейін тоқтатылуы тиіс.

11. Адам тарапынан бақылау

11.1. Барлық маңызды ЖИ ұсынымдары адам тарапынан тексерілуі тиіс.

11.2. Маңызды ұсынымдарға мыналар жатады:

1. жеке білім беру траекториясы бойынша ұсынымдар;
2. дарындылық белгілері туралы қорытындылар;
3. олимпиадаларға, конкурстарға және арнайы бағдарламаларға қатысу жөніндегі ұсынымдар;
4. психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі ұсынымдар;
5. кәсіби бағдар беру ұсынымдары;
6. шамадан тыс жүктеме, күйзеліс немесе мотивацияның төмендеуі қаупіне қатысты ұсынымдар;
7. оқушының өзін-өзі бағалауына немесе білім алу мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін ұсынымдар.

11.3. ЖИ ұсынымын тексеретін адам мыналарды ескеруі тиіс:

1. бастапқы деректерді;
2. білім беру контекстін;
3. оқушының жасын;
4. жеке ерекшеліктерін;
5. педагогтің пікірін;

6. қажет болған жағдайда психологтің пікірін;
7. маңызды жағдайларда ата-ананың және оқушының пікірін.

11.4. Егер ұсыным түсініксіз, түсіндіруге келмейтін, қарама-қайшы немесе ықтимал зиянды болса, ол қосымша тексерусіз қолданылмайды.

12. Құпиялылық және деректерді қорғау

12.1. Оқушылардың деректері тек ИОЖ шеңберінде және қолжетімділік берілген тұлғалар тарапынан ғана пайдаланылуы тиіс.

12.2. Ғылыми талдау, есептер, жарияланымдар және сыртқы сараптама үшін иесіздендірілген немесе агрегатталған деректер пайдаланылуы тиіс.

12.3. Оқушы кодын оның Т.А.Ә.-імен байланыстыратын сәйкестендіру кілттері зерттеу деректер массивтерінен бөлек сақталуы тиіс.

12.4. Сезімтал деректерге қолжетімділік шектелуі тиіс.

12.5. Оқушылардың деректеріне қатысты кез келген инцидент тіркеліп, белгіленген тәртіппен қаралуы тиіс.

12.6. Жобаға қатысушылар деректердің таралуын, бұрмалануын, жоғалуын, заңсыз берілуін немесе рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

13. Академиялық және зерттеу адалдығы

13.1. Жобаға қатысушылар академиялық адалдық, ғылыми объективтілік және зерттеу этикасы қағидаттарын сақтауға міндетті.

13.2. Келесі әрекеттерге тыйым салынады:

1. деректерді қолдан жасауға;
2. диагностика нәтижелерін бұрмалауға;
3. зерттеудің шектеулерін жасыруға;
4. келісімсіз деректерді пайдалануға;
5. оқушылар туралы сәйкестендіруге болатын мәліметтерді жариялауға;
6. ЖИ жүйесінің тиімділігін негізсіз асыра көрсетуге;
7. ЖИ қолданылғаны туралы фактіні ашып көрсетпей, ЖИ жасаған мәтінді толықтай дербес ғылыми нәтиже ретінде ұсынуға;
8. оқушыға немесе білім беру ұйымына зиян келтіруі мүмкін нәтижелерді жарияланымдарға енгізуге.

13.3. Барлық ғылыми қорытындылар тексерілуге болатын, негізделген және дұрыс түсіндірілген болуы тиіс.

14. Этикалық сараптама

14.1. Интеллектуалды оқыту жүйесі этикалық сараптамадан өтуге тиіс.

14.2. Этикалық сараптама келесі жағдайларда жүргізіледі:

1. апробация басталғанға дейін;
2. жүйенің функционалы өзгерген кезде;
3. деректердің жаңа санаттары қосылған кезде;
4. жаңа ЖИ модульдері енгізілген кезде;
5. инцидент анықталған кезде;
6. ата-анадан, оқушыдан, педагогтен немесе психологтен шағым

түскен кезде.

14.3. Этикалық сараптама барысында мыналар бағаланады:

1. деректерді өңдеу мақсаты;
2. жиналатын деректердің құрамы;
3. келісімдердің болуы;
4. оқушылар үшін тәуекелдер;
5. деректерді қорғау деңгейі;
6. адам тарапынан бақылау;
7. кемсітушілік қаупі;
8. ЖИ ұсынымдарының ашықтығы;
9. инциденттерге әрекет ету тәртібі.

14.4. Сараптама қорытындысы бойынша келесі шешімдердің бірі қабылдануы мүмкін:

1. жүйені пайдалануға рұқсат беру;
2. шектеулермен пайдалануға рұқсат беру;
3. жүйені пысықтауға жіберу;
4. пайдалануды уақытша тоқтату;
5. тәуекелдер жойылғанға дейін пайдалануға тыйым салу.

15. Өтініштер мен шағымдармен жұмыс

15.1. Ата-аналар, оқушылар, педагогтер, психологтер, зерттеушілер және жобаның өзге қатысушылары келесі мәселелер бойынша өтініштер жолдауға құқылы:

1. деректерді өңдеу;
2. деректерге қолжетімділік;
3. келісімді кері қайтарып алу;
4. деректерді түзету немесе жою;
5. дұрыс емес ЖИ ұсынымы;
6. кемсітушілік қаупі;
7. психологиялық жайсыздық;
8. құпиялылықтың бұзылуы;
9. жобаға қатысушылардың этикаға сай емес әрекеттері.

15.2. Әрбір өтініш тіркеліп, жауапты тұлға тарапынан қаралуы тиіс.

15.3. Оқушы үшін жоғары тәуекелмен байланысты өтініштер этикалық комиссияның немесе этика жөніндегі жұмыс тобының қарауына беріледі.

15.4. Өтініш берушіге жауап түсінікті және құрметті түрде ұсынылуы тиіс.

16. Кодексті бұзғаны үшін жауапкершілік

16.1. Осы Кодексті бұзу этикалық, ұйымдастырушылық немесе тәртіптік бұзушылық ретінде қарастырылады.

16.2. Бұзушылықтарға мыналар жатады:

1. деректерге заңсыз қол жеткізу;
2. оқушы деректерін жария ету;
3. деректерді жоба мақсатына сәйкес емес пайдалану;
4. келісімді немесе келісімді кері қайтарып алуды елемеу;
5. ЖИ ұсынымын адам тарапынан тексерусіз қолдану;
6. деректерді кемсітушілік мақсатта пайдалану;
7. нәтижелерді стигматизациялайтын түрде түсіндіру;
8. дербес деректерді ашық ЖИ сервистеріне жүктеу;
9. сәйкестендірілетін деректерді жариялау;
10. инцидентті жасыру;
11. ғылыми нәтижелерді бұрмалау.

16.3. Бұзушылықтың сипатына қарай келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

1. ескерту;
2. деректерге қолжетімділікті шектеу;
3. жүйеге қолжетімділікті қайтарып алу;
4. қосымша оқыту;
5. жағдайды этикалық комиссияда қарау;
6. деректерді түзету немесе жою;
7. ЖИ модулін пайдалануды тоқтату;
8. ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес тәртіптік шаралар қолдану;
9. заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті органдарға жүгіну.

17. Қорытынды ережелер

17.1. Осы Кодекс жоба жетекшісі немесе орындаушы ұйымның уәкілетті органы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

17.2. Оқушылардың деректеріне немесе интеллектуалды оқыту жүйесіне қолжетімділігі бар жобаның барлық қатысушылары осы Кодекспен таныстырылуы тиіс.

17.3. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық стандарттар, деректер құрамы, интеллектуалды оқыту жүйесінің архитектурасы өзгерген жағдайда немесе жаңа этикалық тәуекелдер анықталған кезде қайта қаралуға жатады.

17.4. Осы Кодекс Академиялық артықшылықты зерттеу орталығы жобасы шеңберінде әдістемелік ұсынымдарды, жергілікті регламенттерді,

келісім нысандарын, чек-парақтарды, мониторинг рәсімдерін және өзге де құжаттарды әзірлеуге негіз болып табылады.

17.5. Осы Кодексті сақтау интеллектуалды оқыту жүйесінде ЖИ мен оқушылардың деректерін этикалық, қауіпсіз және жауапты пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.